- Mektepke dejingi zhastagy balalardyn dagdylary men biliklerin damytu monitoringi bojnsha adistemelik nuskaulyk* (2018). Astana, 5 akpan, 1 hattama [Elektronдық resurs]: URL: http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/kaz/24 (otinin berilgen kuni: 05.02.2023).

Сенсорное воспитание дошкольников

*¹Ж.Қ.Әдият, ¹Г.Г.Жусупбекова

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова (Кокшетау, Казахстан)

Аннотация

Данная статья посвящена рассмотрению развития творческих навыков дошкольников одной из областей научного знания – артпедагогике. Рассмотрены пути его реализации и связь с педагогикой в целом. Статья предназначена для педагогов, родителей и всех, кто интересуется вопросами образования через искусство. С самого рождения природа дает человеку глаза, уши и тактильные рецепторы. Все это позволяет ребенку с раннего возраста устанавливать тесные связи с внешним миром. Центр этих органов является периферической частью анализаторов в головном мозге. Таким образом, сенсорное воспитание дошкольников является важной составляющей развития. Поэтому актуальность нашей статьи посвящена вопросам организации сенсорной среды в условиях дошкольного образовательного учреждения. В статье определяется сущность сенсорной среды; описаны задачи и факторы сенсорного развития детей дошкольного возраста; виды организации и обеспечения сенсорной среды в условиях дошкольного образовательного учреждения. В этой статье рассматривается необходимость сенсорного образования необходимо для развития физических, социальных, когнитивных и многих других навыков дошкольников. Кроме того, собраны несколько сенсорных игр, которые можно проводить с детьми с распечатанными инструкциями. Сенсорное знание - это система педагогического взаимодействия, направленная на формирование сенсорных подходов. совершенствование познавательных и сенсорных процессов, т.е. формирование и совершенствование методов чувственного познания чувства и восприятия. Сенсорные знания создают необходимые предпосылки для формирования психических функций, которые имеют решающее значение для возможности дальнейшего обучения. Он направлен на развитие зрения, слуха, тактильных, кинетических, кинестетических и других форм чувств и восприятия.

Ключевые слова: артпедагогика, воспитание, обучение, искусство, личность, развитие, теория и практика, творчество, психика.

Sensory education of preschoolers

*¹Zh.K.Adiyat, ¹G.G.Zhussupbekova

¹Sh.Ualikhanov Kokshetau University (Kokshetau, Kazakhstan)

Abstract

This article is devoted to the development of creative skills of preschoolers in one of the fields of scientific knowledge – art pedagogy. The ways of its implementation and its connection with pedagogy in general are considered. The article is intended for teachers, parents and anyone interested in education through art. From birth, nature gives a person eyes, ears and tactile receptors. All this allows the child to establish close ties with the outside world from an early age. The center of these organs is the peripheral part of the analyzers in the brain. Thus, sensory education of preschoolers is an important component of development. Therefore, the relevance of our article is devoted to the organization of the sensory environment in a preschool educational

institution. The article defines the essence of the sensory environment; describes the tasks and factors of sensory development of preschool children; types of organization and provision of the sensory environment in a preschool educational institution. In this article we will look at why sensory education is necessary for the development of physical, social, cognitive and many other skills of preschoolers. In addition, we have collected several sensory games that you can play with children with printed instructions.

Sensory knowledge is a system of pedagogical interaction aimed at the formation of sensory approaches. improvement of cognitive and sensory processes, i.e. formation and improvement of methods of sensory cognition of feeling and perception. Sensory knowledge creates the necessary prerequisites for the formation of mental functions, which are crucial for the possibility of further education. It is aimed at the development of vision, hearing, tactile, kinetic, kinesthetic and other forms of feelings and perception.

Keywords: art pedagogy, education, training, art, personality, development, theory and practice, creativity, psyche.

Поступила в редакцию: 22.02.2023

Одобрена: 18.05.2023

Первая публикация на сайте: 25.07.2023

MPHTI: 14.29.01

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2024-4.11>

ЕРЕКШЕ ҚАЗЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

*¹А.ТӘЖІ^{ORCID}, ¹Ш.М.МАЙГЕЛЬДИЕВА^{ORCID}

¹Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

*akzhaiyktazhi@gmail.com, Sharban56@mail.ru

Аңдатпа

Бүгінгі таңда қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына өзгерістер енгізуді талап етеді. Осы талаптарды жүзеге асыруды қазіргі білім беру жүйесін дамыту үрдісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады. Мұндай даму қоғамды ақпараттандыру технологиясын қарқынды дамыту аясында жүзеге асыру маңызды. Сондықтан негізінен осы мектептерде ерекше қажеттілігі бар балалардың қалыпты балалар мен оқыту технологиясын оқыту үдерісінде тиімді ұйымдастыру аса маңызды. Осы мақалада ерекше қажеттілігі бар балалардың қабілеттерін дамытудың ерекшеліктері, ерекше балалардың музыкалық қабілетінің дамуын психодиагностикалау және коррекциялық-дамытушылық жұмысты ұйымдастыру жолдары сипатталған. Мақалада автор инклюзивті оқыту технологиясының музыка сабақтарында пайдалану әдістемесі қарастырған және зерттеу жұмыстары арқылы инклюзивті оқыту технологиясының ғылыми теориялық тұрғыдан мағлұмат алып өз тәжірибесінде кеңінен қолдануға толық мүмкіндігі бар екенін дәлелдеп отыр. Соған қарай, автор инклюзивті оқыту технологиясының маңызының ерекше екендігін ескеріп бірнеше әдістемелік ұсыныстарды жасаған. Атап көрсетсек, олар келесей: а) мектеп оқушыларына инклюзивті оқыту технологияларының әдістерін пайдаланылған сабақтарда олардың қызығушылығын біршама артады; б) мұғалімнің инклюзивті оқытудың әдістерін сабақта жиі қолданып отыруын қамтамасыз ету; в) білім беру ортасының ғылыми әрі оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі; г) жаңалықтарды сәтті игеруге қажетті барлық ресурстарды дайындау; е) музыка пәнінде инклюзивті оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін тиімді тақырыпты ашатындай әдістерді тандап, аталған технологияның негізінде жүйелі ұйымдастырылса тақырып жан-жақты ашылады; ж) оқушыға музыкалық-эстетикалық тәрбиені беруді танымдық белсенділігі мен ойлауын дамыту бағытында жүргізілуі қажет. Әдемілік сезімі мен эмпатия, іс-әрекет етуге талпыну психологиялық денсаулыққа бағыттайды. з) оқушының музыкалық-эстетикалық әрекеті адамгершілік-эстетикалық дамуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қабілет, инклюзия, ерекше қажеттілігі бар бала, инклюзивті оқыту, музыка, музыкалық дыбыстар, музыкалық білім.

Кіріспе

Әлемде көп жылдар бойы балаларды оқыту барысында үлкен тәжірибе жинақталды. Мұның барлығы мықты, динамикалық тірі организмге жағдай жасай отырып, жергілікті мәдени ортасына бейімделу және дамуға жағдай жасайды. Инклюзивті білім беру табысы негізінен жоғарыда аталған барлық мектепке дейінгі және мектептегі білім беру, сондай-ақ басқару мен қызметкерлерінің жұмысымен анықталады. Бұл әрекеттерді орындау үшін, инклюзивті білім берудің барлық деңгейлерінде, соның ішінде іс-шаралар кешенін іске асыру керек:

- кедергісіз орта құру үшін білім беру мекемелерінің техникалық жабдықтар (пандустар, арнайы жабдықталған әжетханалар, лифттер, физикалық терапия бөлмелері);
- білім беру мекемелерінде мүгедектер бейімделу үшін қолайлы, медициналық, психологиялық білім беру ортасын құру;
- инклюзивті білім жүйесі үшін жоғары білім беретін мамандар даярлау;
- мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бейімделген білім беру бағдарламалары;
- ерекше қажеттілігі бар оқушыларға олардың ата-аналары бірлесіп әзірленген жеке сабақ жоспарлары;
- білім беру үдерісінде реттелетін құқықтық-қаржылық құқықтармен қамтамасыз ете отырып маман ретінде сол тұлғалардың музыкалық қабілетін ашу.

Осыған орай, біраз жаңашыл педагогтар оқытудың жаңа технологияларын (И.М.Чередов, В.К.Дьяченко, М.Жанпейсова, К.Қараев, Г.Еркебаева және т.б) зерттей отырып білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастыруда. Оқыту үдерісінің көптеген әртүрлі формаларын қолданудың тиімділігін және жетілдіру жолдарын ойлап тапты. Әлі де оқытудың нақты бір түсінік қалыптаспады. Оқытудың белсенді әдістерін білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері В.П.Беспалько, Ж.А.Қараев, Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай, Д.М.Жүсібалиева, М.В.Кларин, Қ.Ө.Қариева, С.А.Көшімбетова, Қ.Қабдықайырұлы, А.А.Саипов, Г.К.Селевко, Б.К.Төлбасова, Л.А.Шкутина және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болды. Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде сабақтың қалыптасқан түрлерінен басқа, дәстүрлі емес түрлерін, әсересе инклюзивті оқыту технологиясын қолдану кеңінен етек жаюда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрлі емес түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат - әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсету және оны жаңа сапалық сатыға көтеру.

Мақалада инклюзивті оқыту технологиясын пайдалану арқылы ерекше балалардың музыкалық қабілеттерін анықтап және музыка пәнін оқыту барысында жетілдіру жолдары айқындалып отырмыз. Сол себептен ерекше оқытуды қажет ететін балаларға инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерін көрсетуін жөн деп санаймыз, олар:

- білім берудегі интеграциялық технологияларды іске асыратын және әлеуметтік білім беру ұйымдарының мәртебесін анықтау және заңнамалық нығайту;
- тығыз ынтымақтастықты, ғалымдар мен практиктердің қызметтестігі, үкіметтік, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпараттық құралдары мен мүгедектігі бар адамдардың жалпы білім алуға қол жеткізу үдерісін кеңейту, әлеуметтік-мәдени және білім беру интеграциясы тәжірибесінде оң әлеуметтік қатынастар қалыптастыру, оқытушыларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету, интеграцияланған білім беру жағдайында жұмыс жасау.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді одан әрі іске асыру үдерісі кешенді болу үшін мемлекеттік органдар, ата-аналар қоғамдастығы, отбасы, білім беру органдары мен ұйымдарда қамтылуы тиіс. Қазақстан Республикасының құқықтық құжаттарымен қауымдастығында «инклюзивті білім беру» термині негізінен, негізгі мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үдерісін сипаттау үшін қолданылады. Аталған мәселелерді ескере отырып, инклюзивті білім беруде оқушының барлық жеке қасиеттеріне, қабілетіне, даму

ерекшеліктеріне, темперамент типіне, жынысына, отбасылық мәдениетіне және басқада тиісті шарттарды назарға алып, жеке көзқарастарына негізделген оқыту әдістерін тұжырымдайды.

Ереше оқытуды қажет ететін балаларға инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясат ұстанымдары [Мұғалімдерге нұсқаулық, 2012]:

1. *Кепілдік ұстанымы.* Ереше оқытуды қажет ететін балалармен олардың отбасыларына мемлекеттік көмек пен қолдау тұрақтылығы, жаңа және қолданыстағы әлеуметтік қызметтер құру.

2. *Адам құқықтарын жүзеге асыру ұстанымы.* Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграция бойыншы мемлекеттік саясат әр адамның мәнін таниды, мүмкіндігі шектеулі балаларды отбасына қарамастан психофизикалық мәртебесіне көмек және қолдау, мүгедектердің тең құқықтары, олардың отбасы мүшелеріне, әлеуметтік мәртебесі, діни нанымдары, ұлты, тұрғылықты жері.

3. *Отбасының әлеуметтік жауапкершілік ұстанымы.* Адамның рухани және физикалық дамуын тәрбиелеу үшін әрбір отбасының егемендігі мен жауапкершілігін тану, мүгедектігі бар адамдарды дамытуға қатысты шешімдер отбасының тәуелсіздік және дербестік ұстанымы, оның өмірін анықтау негізіндегі мемлекеттік саясат.

4. *Ғылыми ұстанымы.* Бағдарламамен қамтамасыз ету және әлеуметтік білім беру ықпалдастықтың әдістемелік құралдарымен, балаларды әлеуметтік интеграцияның теориялық және әдіснамалық негіздерін дамыту, талдау және интеграция нәтижелеріне мониторинг, енгізілген технологиялар тиімділігіне тәуелсіз сараптама, кешенді білім және ғылыми мәселелер мәніне ғылыми талдау негізіне жасалған шешімдерді бағалау.

5. *Ақпаратқа қол жетімдік ұстанымы.* Мүгедектігі бар адамдардың жалпы, орта, арнайы орта жоғары және қосымша білім берудегі қолжетімдікті зерттеу мәселелерін, әлеуметтік тәжірибені сыни талдау мақсатында қоғамға енгізу жөніндегі іс-шаралар, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді жүзеге асыру ерекшеліктерінің қорытындысы бойынша барлық мүдделі топтардың материалдарға қолжетімдігін қамтамасыз ету жатады.

6. *Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға арналған технологияларды инклюзивті білім беруде іске асырудағы жүйелі ұстанымы.* Отбасы (бірінші деңгей) әлеуметтік жұмыстарды практик отбасымен жүзеге асыруды талап етеді. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі (екінші деңгей), мектептер мен қосымша білім беру ретіндегі білім беру ұйымдары (үшінші деңгей), қосымша кәсіптік білім және кәсіптік білім беру мекемелері (төртінші деңгей), кешенді медициналық, әлеуметтік, психологиялық, білім беру, құқықтық қолдау қызметтері (бесінші деңгей).

7. *Барлық нысандарын жан-жақты жүзеге асыру ұстанымы.* Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін үшін инклюзивті білім беру түрлері тұлғааралық қарым-қатынас, олардың мақсатқа жету мүмкіндіктерін анықтау үшін енгізу.

8. *Көп салалы білім беру ұйымдары ұстанымы.* Бұл ұстаным ең алдымен білім беру мекемелерінде әлеуметтік және психологиялық, медициналық қызметтерді қамтамасыз ету үшін орталықтар құру.

9. *Ерекше қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру саласындағы отандық және халықаралық тәжірибені толықтырушы ұстанымы.*

Осылайша, инклюзивті білім беру мәселесі даулы, қиын, бірақ ең бастысы - бұл шын мәнінде адамдардың үлкен мүдделерін оның шешімдерінің әлеуметтік мәселелерін қозғайды. Инклюзивті білім берусіз инклюзивті қоғам мүмкін емес: ата-анасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы негізінде балаларды іріктеу және сегрегация, қабілет, ақыл-ой және физикалық, лингвистикалық, мәдени, этникалық, діни және басқа да айырмашылықтар әлеуметтік жанжалды ушықтыруға алып келді, елге зорлық-зомбылық пен тұрақсыздық төлеуге тым жоғары баға. Тиісінше, қоғам кез келген тұлғаға өз мүдделеріне байланысты білім беру түрін таңдауда құқығы мен қажеттіліктерін, мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Білім беру саласындағы ендік ұсыныстар қамтамасыз етілуі тиіс. Инклюзивті білім беруді іске асыру мәселесін құзыретті шешуде даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың конституциялық

құқықтарын бұзу, әлеуметтік кемсітушіліктерге жол беруге болмайды, онсыз Қазақстан Республикасы өркениетті ел бола алмайды. Ерекше қажеттілігі бар балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту ол қазіргі қоғамдағы ең өзекті де, нәзік мәселе. Осы мәселелерді музыка пәнінің аясында қарастырмақпын, яғни музыка адамды адамгершілікке ізгілікке бағыттайтын ерекше құдіретке ие екендігі барлығымызға аян [Әлімов А., 2013].

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер пайдаланылды.

Талқылау мен нәтижелері

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер Әлеуметтік-инклюзивтілік тұрғыдан оқытуды түсіну осы «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланыстың негізінде өз түсініктерін құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту және оқу», метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрену» деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік-инклюзивтілік идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданылады. Жеті модульдің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-Инклюзивтілік көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін көрсетеді. «Қалай оқу керектігін үйрену» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

Инклюзивті оқыту технологиясы негізінен сабақтарды жүргізгенде қолданылатын мынадай дидактикалық тәсілдер бар:

- ой қозғау, Т-кестесі, венн диаграммасы, болжау, кластерлер, оңай және қиын сұрақтар кестесі, ойлан, жұптас, пікірлес, алдын-ала берілген атаулар, үлкен шеңбер, қос шеңбер, атаулар туралы үш сұрақ, еркін жазу, білемін, білгім келеді, білдім, дөңгелек үстел, үш кадамды сұхбат, топтық зерттеу, кең көлемді лекция, сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, қос жазба күнделігі, үш жазба күнделігі, белгі қойып оқу (INSERT), жигсо, жигсо-2, қайшыланған пікірталас, аквариум, эссе және басқалар.

Осындай тәселдермен қоса сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де білімденушілердің оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады.

Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың тұлғалық дамуында музыканың ролі өте жоғары.

Музыка жермен бірге жаралған сияқты. Табиғаттағы табиғи дыбыстардың барлығы осы ұлы музыканы құрайды. Судың сылдыры, шөптің сыбдыры, тау-тастың сыбыры, желдің гуілі, күннің күркіреуі, жаңбырдың тарсылы бәрі-бәрі музыка. Ал табиғаттағы аң-құстардың әні, әсіресе теңіз, мұхит жағалауларындағы құс базары нағыз күй ғой. Табиғат күйі. Құлақ түре білсең табиғат күйі тым бөлек. О баста сол табиғаттағы дыбыстарды табуға, табиғи дыбыстың тылсым қасиетін тануға талпынған адамзат кемелденіп бүгінгі күнгі музыкамызға жетті.

Әлемде музыкасыз ұлт жоқ. Музыка адамзатқа ортақ. Ең әсерлі, сиқырлы сұлу сөз де адам сезіміне музыкадай әсер ете алмайды. Д.Шостакович: «...если бы музыка могла выражать только то, что выражает человеческая речь, музыка была бы не нужна» дейді. Шынында музыканың берер әсерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болатын болса онда музыканың қажеті болмас еді.

Терапия – латын тілінен аударғанда емдеу деген ұғымды білдіреді, сонда музыкалық терапия дегеніміз музыкамен емдеу болып шығады. Қазіргі таңда музыкасыз өмірді елестету әсте

мүмкін емес. Үйде, көлікте, сыртта, офисте, жұмыста, барлық жерде музыка бізбен бірге. Адамзат музыканың емдік қасиетін барын тым ертеде-ақ білген. Адам тәнін музыкалық аспап ретінде қарастырсақ жүректің соғуы ең үлкен ырғақ болады. Сонымен қатар адам қорыққанда, уайымдағанда немесе қуанып-шаттанғандағы жүректің соғуы нағыз ырғақтық музыкаға айналады. Жаны жоқ дейтін өсімдіктерде жақсы музыкамен тез өсіп, жақсы өнім беретіні белгілі. Музыка жан-жануарларға да әсер ете алатыны бүгінгі күні жаңалық емес. Адамның жан-жүйкесіне, сезімі мен көңіл-күйіне әсер ететін музыканы – қазақтар тәңірдің күбіріне теңеген.

Ежелгі гректердің ұлы ойшылдары Демокрит: «Флейтаның сиқырлы сазымен кейбір ауруларды емдеуге болады» десе, Гиппократ музыканы барлық ауруды емдеуге қолданған. Платон, Аристотель және Пифагор музыканың емдік қасиеті барын мойындаса, Гомер жағымсыз эмоциялармен күресуге музыканың көп көмегі барын айтқан.

Музыканы жыл мезгілдеріне бөліп, күн мен түнде және әртүрлі аурулардың өзінің музыкасы барын, ауруды қандай музыкамен емдеуге болатынын ежелгі үндінің емшілері мен софылары егжей-тегжейіне дейін білген. Мұсылман елдері мен мемлекеттерінде: Аббасид Халифатында (750-1257) және Осман империясында (XIII-XV) музыкалық терапия, ароматерапия, сулы (водная) терапия және құран аяттарымен емдеу кең етек жайып, өте жақсы нәтиже берген. Музыка терапиясымен әсіресе жүйке ауруына шалдыққандарды емдеуге көп қолданған. Жаны күйзелгендер мен рухани азғындарды да жақсы музыка тыңдатумен емдеп отырған.

Көне Қытай мемлекетінің ғалымдарыда музыкамен адам сана-сезімін игеруге болатынын білген. Ал императорлары арнайы бұйрықпен жылдың әр күніне бір шығармадан шығартып тыңдап отырған, яғни 365 күнге, әр күнге өзінің арнайы шығармасы болған. Қытайдың әйгілі тарихшысы Сыма Цянь былай деген: «Музыкаға келетін болсақ, ол қашанда даналарды шаттыққа бөлеп отырған, олар музыка арқылы халықтың жан жүрегін тазарта алған. Музыканың әсер – ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез-құлқымен салт-дәстүрін өзгерте алады, сондықтан да бұрынғының басшылары халықтың жөнді музыка тыңдауын қадағалап отырған».

Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының музыкалық мәдениеті сөз болғанда, ең алдымен сол заманнан бүгінгі күнге жеткен музыкалық мұралар нақтылы айғақ-дерек ретінде назар аудартады. Бұған дәлел, исі түркі халықтарына ортақ ақылгөй абыз, батагөй дана, қобыз аспабын дүниеге әкелген әйгілі Қорқыт атаның күйлері. Қорқыт атамен қатар қазақ даласынан шыққан ғұлама ғалымдарымыздың еңбектері әлем халықтарының музыкалық мәдениетіне ұлы жаңалықтармен қосылды. Әл-Фарабидің (870-950) «Музыканың ұлы кітабы», Әбу Әли Ибн Синаның (980-1037) «Айығу кітабы», Абдулқадыр Ибн Гаиби Марагидің (XIV-XV) «Музыка ғылымындағы әуендер жинағы», Ахмадидің (XV) «Музыкалық аспаптар айтысы», Дәруіш Әлидің (XVII) «Музыкалық трактаты» т.б. көптеген кітаптар музыка әлеміне ең үлкен, құнды қазына болып қосылды. Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабында» музыка теориясы, оның пайда болу және қалыптасу тарихы, музыканы жүрекке қондыра қабылдаудың психологиясы, музыкалық шығармаларды орындаудың әдіс-тәсілдері сияқты өзекті мәселелер терең талданады.

Адам тәні биоөрісі тепе – теңдігі өзгеріске ұшырағанда, оның денсаулығының күйін ыңғайсыз жағдайларға душар ететіні ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Мұндай жағайлар адамның көңіл - күйінің бір қалыптылығына кері әсер етіп, ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Адамның ой-жүйесінің психологиялық теңдігінің өзгерісі артады. Адамның көңіл-күйінің өзгеріске ұшырауынан оның тәндік биокуатының тұрақтылығы ауытқып, дененің кейбір мүшелерінде сырқат белгісі сезіле бастайды. Осы жағдайдан адамды шығаруда әсерлі емдік шипалық құпиясы бар ерекше музыка, ән – күй және дыбыстар бүгінде әлемдік халық шипагерлігі саласында ғана емес, осы заманғы медицина жүйесінде де арнайы ғылыми анықтамаларға негізделіп пайдаланылуда. Музыка, ән – күй мен дыбыстың да шипалы, шипасыз және кері

әсерлісі де барын аныталған. Адамның жан-дүниесі тәтті бір ұйыған, тыныштықта болу үшін жайлы, нәзік музыканы тыңдау пайдалылығы анықталуда.

Музыка мен ән – күй құрамында химиялық уы болмайтын, адамның тәнін уламайтын, жанына рахат сезімін тудыратын, психологиялық әсері күшті таза мөлдір дәрі деуге болатынын, мен өзімнің жиырма жылға жуық шипагерлік қызметімде тәжірибеден өткізіп, оң әсерін анықтай алдым. Мұндай анықтамаларды шипагерге емделушілердің өздері бере отырып, шипагердің пікір мен ұсыныс журналдарына қалдырған ықыласты пікірлерінен байқауға болады. Көптеген сырқат адамдар өздерінің сырқаттарынан музыка мен ән – күйдің әсерінен кейін оңала бастағанын және көңіл – күйлерінің жақсара бастағанын сезген. Ресейлік дәрігер-хилер А.Затаевич музыканың емдік сипаты жөнінде: *«Музыка бізді қоршаған адамдармен өзара қатынасымызға және байланысымызға жақсы әсер етеді. Тыңдаған музыканың бәрі жағымды бола алмайды. Әр музыканың өз тыңдаушысы болады. Сондықтан да музыканың түрі денсаулыққа емдік пайдасымен ерекшеленеді»*, - деген ұғымын білдіреді [Затаевич А.В., 2006].

Бірақ, әр адамның өзіндік жеке психологиясына, сырқатына, әлеуметтік жағдайына және қоғамдық ортасы орнына қарай әр түрлі музыканың әсері де өзгеше болатыны анықталуда. Мәселен: біреулердің жүйкесін күй, ән немесе эстрада әндері қозғаса, ал симфония мен баяу әндер көңілді жайландырады немесе, керісінше, әсер ететінін науқастар-дың өздері байқаған. Жан – дүниені тербейтін өте әсерлі тербелістік ұнамды музыка ғарыштық жүйемен үндесе отырып, адамның және жануарлар мен тірі организмдердің де жүйелі дамуына молдығы барын халықта және ғалымдарда ертеден бақылап біліп отырған.

Кез келген ән мен күйдің өзіндік ерекше мәні бар ырғағы мен ритмі болғандықтан, оның мәнділігін орындап халыққа жеткізуде әнші мен күйшінің орындау қабілетіне байланысты болады да, әсері де әр түрлі болады.

Ертеде қазақтар ән мен қиссаларды таңға ұйықтамай тыңдағанда, демалып қалдық деп тарқасуы да бұл өнердің шипалық қасиетінен деуге болады. Қазіргі уақытта дыбыстың да емдік шипалық қасиеті зерттеліп, денсаулықты жақсарту саласында пайдалана бастады. Музыка зерттеуші Х.И.Хан: *«Музыка адамның өнері мен поэзиясын дамытып қалмастан, ол адамның рухын көтереді және емдейді де. Музыка өнер, әрі ғылым»*, - дей келе [Инайят-Хан Х., 2004], музыканың таза үндік, ырғақтық және дыбыстық әсерінен түрлі толқынды емдік қуаттар пайда болатынына көңіл бөледі. Кейінгі кезде шипагерлік саласының емдік жүйесіне дыбыстың да пайдасы молдығы анықталуда. Мәселен, азан шақырғандағы жоғары тонды дыбыстар мен шіркеудегі қоңыраудың қатты дыбысы аралықтан әсер ететін, тез тарайтын тұмау т.б. аурулардың микроптарын жойып жіберетіні анықталған.

Дыбыстың шипалық емдік әсері оның негізгі принциптері резонансына, ритміне, үндік мелодиясына, гармониясына, дыбыстың ауқымдығына, тембріне, ағыны мен толқынды тиянақтылығына және дыбыстың қуатты-лығына байланысты екені зерттеушілер тарабынан ғылыми түрде зерттеліп, тұжырымдамалар жасалуда. Тэд Эндрюс дыбыспен емдеудің негізгі принциптерінің құпияларын зерттеп, оның емдік ерекшелігі туралы: *«Жоғары тонды дыбыс – ол өте қуатты күш. Дыбыстың әсері де дұға, музыка, ән және мантраға ұқсас келеді. Дыбыс адамдар мен дыбыс Басқарушының ортасындағы байланыс құралы ролін атқарады. Дыбыс ол біздің денсаулығымыздың жағдайы мен сананың нақтылы уақыттағы жағдайын анықтайды. Емдік шипалық дыбыс адамның физикалық денесіндегі чакраларға бағытталып, өзінің шипалық қасиетін жалғастырады»*, - деп тұжырымдайды [Цыпина Г.М., 2003].

Дегенмен, адамдардың есту, қабылдау және сезім қабілеттері бірдей болмағандықтан, олардың түпкілікті әсер алып қабылдауы да әр түрлі болады. Музыка мен ән-күй адамның миінің клеткаларына әсер ете отырып, оның импульсті ырғағын қозғап, теңшеп, қызметін жақсартып, шаршағанын басуға көмектеседі. Адамның ағзаларында жаңадан күш қуат пайда болып, ағзалар ескі қуаттарынан тазарып, жаңа қуатпен қоректенеді. Адамның сенімі оянып,

жаңа іске талпынады. Музыка ұлт таңдамайды. Музыканың үні, ырғағы мен әсер ету күші барлық адамзат баласына да әсер ете алады.

Қазіргі таңда адам ағзасы мен психикасына өнер арқылы, музыка арқылы, әртүрлі жанрдағы әдеби шығармалар арқылы оң әсер туғызатын әдістерге қоғам тарапынан қызығушылық артып келеді. Психотерапияның маңызды салаларының бірі арт-терапия, музыка-терапия, ертегі-терапиялар алғашқыда сырқат, ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде. Қазір бұл әдістер адамның шығармашылық қабілетін дамыту бағытында қолайлы қолданылып келеді [Smolina O.A., 2017; Kashtanova S.N., 2017].

Музыка пәнінде осы музыканың құдіретін есепке ала отырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың музыкалық қабілеттерін пәнге деген және жалпы сабаққа деген қызығушылығын арттырмақпыз.

Біріншіден, эксперимент арқылы музыкалық қабілеттің даму деңгейін диагностикалауда заттық іс-әрекеттің төмендегідей компоненттерін зерттейміз:

- тұлғалық, құндылық бағдарлар (мотивациялық, когнитивтік, операциялық –музыкалық-эстетикалық сенімдердің компоненттері);
- музыкалық тілдің бейнелілік құралдарын ұғыну деңгейі;
- музыканы ойнаудағы импровизация.

Оқушылардың эмоциялық қабылдауын айқындауда музыкалық ойын әрекетін пайдаланамыз. Төмендегідей 1-2-кестеде темп пен ритмдік қабілеттің даму деңгейін диагностикалау тамсырмалары айқындалған:

1-кесте

Темп пен ритмнің критериалдық белгілері

	Метр	Темп	Ритм
Моторика	<i>Бір темпте жүру, жүгіру</i>	бірқалыпты баяу жылдам үдете-баяулата	біркелкі пунктирлі
Моторика	<i>Қол саусақтары</i> (қолын шапалақтау, барабанды соғу)		
<i>Біріккен тапсырмалар</i>	Темп пен ритмдік музыкалық ықпалдарға адекватты жауап беруі		

Дыбыстың жоғарылығын сезінуін диагностикалау

Қабылдаушы тест

Мысық пен марғау

Мақсаты: дыбыстың жоғарылығының қалыптасуын диагностикалау деңгейін айқындау.

- қараңғы орманда мысық пен марғау жоғалып қалды және олардың қалай мяулайтынын тыңдап көр (3-кесте).

2-кесте

Музыкалық қабілеттің темптік-ритмикалық даму деңгейінің типологиясы

Даму деңгейі	Тапсырма критериілері	Қозғалыс типі
<i>Төменгі</i>	Бірқалыпты темп (=60) бұлшық ет координациясы	Музыкалық фрагментке сәйкес қадам жасау
<i>Орташа</i>	Темпті саралау (бірқалыпты, баяу, жылдам) бұлшық ет координациясы	бірқалыпты қадам баяу қадам жүгіру екі кішкентай және бір үлкен қадам жасау
<i>Жоғары</i>	Жылдамдату мен баяулату	бірқалыпты қадам немесе жүгіру екі-үш-төрт қозғалыс жасау

Дыбыстың жоғарылығын сезінуін диагностикалау

Тапсырма коды	Дыбыстар (бірінші октава, екінші октава)	Ұпайлары	Дұрыс жауабы
1.1.	ми1 - соль2	1	Мысық - марғау
1.2.	соль2 - фа1	2	Марғау - мысық
1.3.	фа1 - фа2	3	Мысық - марғау
2.1.	фа2 - соль1	1	Марғау - мысық
2.2.	ми2 - соль1	2	Марғау - мысық
2.3.	ля1 - ми2	3	Мысық - марғау
3.1.	ля1 - ре2	1	Мысық - марғау
3.2.	ре2 - си1	2	Марғау - мысық
3.3.	до2 - си1	3	Марғау - мысық

Бағалау критериилері:

Жоғары деңгей = 7 – 9 ұпай (3+3+3; немесе 3+3+2; немесе 3+2+2);

Орташа деңгей = 4 – 6 ұпай (3+2+1; немесе 3+1+1; немесе 2+1+1);

Төменгі деңгей = 1 – 3 ұпай (2+1+0; немесе 1+1+1; немесе 1+1+0; немесе 1+0+0).

Тембр сезімін диагностикалау

Дыбысты идентификациялау сезімін диагностикалау (4-кесте).

Тембр сезімін диагностикалау

Музыкалық дыбыс, мелодия, фрагменттің тембрі				
Вокалы	Аспаптар			
Балалар Әйелдер (сопрано, альт) Ер адам (тенор, бас) Хор а capella (балалар, әйелдер, ер адамдар)	Литавры	(флейта, фагот, кларнет)	(скрипка, виолончель, контрабас)	оркестр
	Ксилофон			Балалар аспаптары
	Бубен	(труба, валторна, тромбон, саксофон)	(гитара, арфа, балалайка, гусли...)	Халық аспаптары
		(орган, баян, аккордеон)	(фортепиано, клавишин)	Симфонический

Музыкалық форма сезімін диагностикалау

Тест «Аяқталмаған мелодия»

Мақсаты: музыкалық ойдың аяқталу сезімінің даму деңгейін диагностикалау.

Белгілі мелодиялар ойналып және қай тактіде тоқталғанын анықтау қажет.

1 - мелодия – соңғы такті ойналмайды;

2 - мелодия – аяғына дейін ойналады;

3 - соңғы фраза ойналмайды;

4 - екінші фразаның ортасында аяқталуы;

5 - аяғына дейін ойналуы.

Бағалау критерии:

Әлсіз деңгей – 1-2 пункт дұрыс айқындалған;

Орташа деңгей – 3-4 пункт дұрыс айқындалған;

Жоғарғы деңгей – 5 пункт дұрыс айқындалған.

Инновациялық оқыту технологияларын пайдалана отырып төмендегідей сабақ жоспарларын ұсынамыз (5-кесте):

Сабақ жоспары

Музыка 2 «А» сыныбы

Сабақ тақырыбы:	Күй шешені Қазанғап
Жалпы мақсаттары:	Күй өнерінің құдіреті мен атақты күйші Қазанғап өмірін оқушыларға таныстырып үлгі тұтуға, қазақ халқының өнерінің ерекшелігінің мән-маңызымен таныстыру.
Оқу нәтижесі	Күй, күйші және күй шешені Қазанғаптың өмірінен туралы мағлұмат алады. Қазақ өнері түрлері сызбасын құрастырады. Топпен бірігіп ролдерге бөлініп қойылымды қояды
Негізгі идеялар	Оқушылардың шағын топтарда жұмыс істеуі арқылы бірін-бірі оқытуын қалыптастыру
Тапсырма көздері	Қосымша дерек бойынша ізденіс жұмыстары (постер қорғау) Мәтінді оқу, сыни тұрғыда талдау Ашық сұрақтар беру Эссе жазу
Сабақтың көрнекілігі	Интерактивті тақта, слайд, стиктер, постерлер
Сабақтың түрі	Аралас сабақ
Мотивациялық кезең	Зейіндерін шоғырландыру Тұман да мен, бұлт та мен, Өзен де мен, мұхит та. Сыңғырлаймын, күлемін Жүзім айдай жалтырап. (Су)
Үй тапсырмасын сұрау	1.Композитор туралы және халық композиторы Дәулеткерей туралы оқушылардың оқып, келген мәтін аясында түсінігін тыңдау және ортада талқылау. 2. Күйші композиторлар туралы зерттеп келген оқушылардың жұмыстарымен танысу. 3.Қошақаным қайда екен? Әнін сынып оқушыларына айтқызу.
Жаңа сабақ	Күй дегеніміз не? Күйші дегеніміз кім? Күй мен күйші арасын қалай байланыстырамыз? Музыка 
	Осы сызба негізінде байланысы талданады, мән-мағынасы ашылады. Мәтінмен жұмыс «Күй шешені Қазанғап» Қазанғап өмірі мен өнеріне кеңінен тоқталу Үнтаспадан «Көкіл» күйін тыңдату

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс	Сұрақ: 1.Музыканың ішінде күй жанрының ерекшелігі неде ? 2. Қазанғап деген кім? 3.Көкіл күйін тыңдағанда қандай әсер алдыңыз? Тапсырма: 4. «Күй» тақырыбында эссе жазу 5. Күй тыңдалғаннан кейін оқушыларға осы күйді тындап отырған уақытта ойларына не келді, не елестеді осы жөнінде қағаз бетіне түсіруге тапсырма беріледі. 6.Оқушылардың жазған эсселері мен күйді байланыстырып мәтіннің маңызымен жақындату
Қорытынды	Күйші Қазанғап аталарыңның өмірімен күйшілік өнерімен таныстық. Сіздерге қандай әсер қалдырды.
Бағалау	Жұптарда өзара бағалау (Ауызша рефлексия) Бүгінгі жұптық жұмыстағы құрбымның жетістігі Топтың жетістігі Соңында: Бүгінгі сабақта үйренгеніміз... Маған өте қиын болғаны... Маған ұнағаны...
Үйге тапсырма	«Күй шешені Қазанғап» мәтінді оқып түсінігін айтып келу
Музыка 3 «А» сынып	
Сабақ тақырыбы: Жалпы мақсаттары:	Қуыршақ театры Танымдық: оқушыларға әлем қуыршақтары жайлы біліммен таныстыру, оқушыларды қуыршақтарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу, оқушылардың ән айту қабілетін арттыру; Эмоциялық: Психологиялық жағымды орта қалыптастыру арқылы олардың зейінін дамыту; Әлеуметтік: Ұжымдық нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасау;
Оқу нәтижесі	Оқушыларға қуыршақты ойын құралы ғана емес әр халықтың ерекшелігін көрсететін мәдени құрал екендігін оқушыларға жан-жақты түсінеді.
Негізгі идеялар	Жауапкершілікті сезінеді. Сабақ барысында өзара әрекеттесу арқылы оқушы өзіндік танымдық қабілетін көрсетеді. Осы қабілеттерін дамыта отырып, сабаққа белсенділікпен араласады
Тапсырма көздері	Қосымша дерек бойынша ізденіс жұмыстары Сын тұрғысында мәтінді талдау Ашық сұрақтар беру АКТ мүмкіндіктерін кеңейту
Сабақтың көрнекілігі Сабақтың түрі	Презентациялық слайд, қыс мезгілін бейнелейтін суреттер. Қайталау сабақ
Мотивациялық кезең	- Балалар, терезеге қараңдаршы. Далада күн сәулесі жарқырап тұр. Бізге сәулесін шашып тұр. Сәуле сендердің тұла бойларыңа тарап, жандарыңды жадыратып тұр. - Кәне, айналамызға жылу сыйлайық, жүздеріңнен күннің көзіндей күлкі кетпесін. Зейіндерін шоғырландыру «Аяқталмаған жолдарды тап?» ойыны арқылы көңіл-күйіне әсер ету.
Жаңа сабақ	1. « Қуыршақ» деген ұғым туралы жан-жақты талдап, әр елдің қуыршақ театрының дүниеге келуі туралы әңгімелесу:әлем халықтарының қуыршақтары орыстың Петрушкасы, Француздың Поликлінели, итальянның Пульчинелласы, немістің Гансвурсты, ағылшынның Панчы, чехтың Кашпарегі және түріктің Карагезі. Осы қуыршақтардың ең жасы

	үлкені-Пульчинелласы. Оған 500 жыл толды. Пульчинелла көптеген жылдар бойы кішкентай тесігі бар қорапшада өмір сүрді. Ол осы қорапшаның тесігінен басын шығарып өнер көрсетті. Барлық қуыршақтың жасы 200-300 жылдан асты. «Ортеке биі» секіртпе. Осы биді интерактивті тақтадан көрсетіп тарихына тоқталу. Ән үйрену «Менің әжем ондай» ән ойнақы жылдам орындалады. Біліп ал қазақтың ең алғаш «Ортеке биі» қуыршақ театры ашылды.
Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс Қорытынды	Қуыршақ тақырыбында қандай ән білесің.
Бағалау	Бүгін қандай тақырып өттік? Қуыршақтар тақырыбында қандай жаңа нәрселермен таныстық және қандай ән үйрендік. Бүгінгі сабақта үйренгеніміз... Маған өте қиын болғаны... Маған ұнағаны... (ауызша рефлексия)
Үйге тапсырма	Ең сүйікті қуыршақтарының суретін салу, ән мәтінін жаттау.

Қорытынды

Сонымен, зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер негізінде мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер сараптамасы инклюзивті оқыту технологиясы аясында білім беру кеңістігіндегі әр түрлі бастамалар мен жаңалықтардың жинақталуы және түр өзгертуі нәтижесінде көрініс табатындығын аңғартты.
2. Инклюзивті оқыту технологиясы мән-маңызы жаңа нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі мақсатты іс-әрекеттер тізбегін қамтитындығынан көрінеді.
3. Қазіргі кезде инклюзивті оқыту технологиясын музыка пәнінде қолдану жағы жеткіліксіз екенін айтуымыз керек. Ал осы аталмыш технологияны музыка сабақтарында тиімділігін тәжірибеде қолдану арқылы қажеттілігіне көзіміз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Мұғалімдерге арналған нұсқаулық (2012) Үшінші деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған. Астана.
- Әлімов А. (2013) Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. *Оқу құралы*. - Алматы.
- Затаевич А.В. (2006) *Энциклопедия*. Издание 2-е, дополненное. Алматы: Арысь.
- Инайят-Хан Х. (2004) *Мистицизм звука*. М.: Сфера, 352.
- Цыпина Г.М. (2003) Психология музыкальной деятельности. Теория и практика: Учебное пособие. М.
- Smolina O.A. (2017). On the formation of a popular qualification evaluation system in the WorldSkills format. *Scientific notes of Transbaikal State University. Series: Pedagogical sciences*, 12(2). DOI: <https://doi.org/10.1145/950566.950596>.
- Kashtanova S.N., Medvedeva E.Y., Kudryavtsev V.A., Olkhina E.A., Karpushkina N.V. (2017). The monitoring of the universities' activities as a basis for inclusive higher education strategic development. *Revista ESPACIOS*, 38(56) [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.revistaespacios.com>.

References

- Mugalimderge arналған nuskaulyk (2012) Ushinshi dengej. «Nazarbaev Ziyatkerlik mektebi» DBBU Pedagogikalyk sheberlik ortalygynyn Adistemelik kenesi usynghan. Astana.
- Alimov A. (2013) Interbelsendi adistemeni ZhOO-da koldanu maseleleri. Oku kuraly. - Almaty.
- Zataevich A.V. (2006) Enciklopediya. Izdanie 2-e, dopolnennoe. Almaty: Arys'.
- Inajyat-Han H. (2004) Misticizm zvuka. M.: Sfera, 352.
- Cypina G.M. (2003) Psihologiya muzykal'noj deyatel'nosti. Teoriya i praktika: Uchebnoe posobie. M.

- Smolina O.A. (2017). On the formation of a popular qualification evaluation system in the WorldSkills format. Scientific notes of Transbaikalian State University. Series: Pedagogical sciences, 12(2). DOI: <https://doi.org/10.1145/950566.950596>.
- Kashtanova S.N., Medvedeva E.Y., Kudryavtsev V.A., Olkhina E.A., Karpushkina N.V. (2017). The monitoring of the universities' activities as a basis for inclusive higher education strategic development. Revista ESPACIOS, 38(56) [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.revistaespacios.com>.

Пути развития способностей детей с особыми потребностями

**¹А.Тажу, ¹Ш.М.Майгельдиева*

¹Қызылординский университет имени Коркыт Ата (Қызылорда, Казахстан)

Аннотация

Сегодня масштабность, сложность общественных изменений требуют внесения изменений в сферу образования. Можно признать, что реализация этих требований отличается интенсивностью и многообразием творческих поисков относительно новых моделей, содержания, технологий, видов и методов обучения в процессе развития современной системы образования. Такое развитие важно осуществлять в рамках интенсивного развития технологий информатизации общества. Поэтому особенно важна эффективная организация не только процесса обучения нормальных детей, но и технологии обучения детей с особыми потребностями в школах. В данной статье описаны особенности развития способностей детей с особыми потребностями, пути психодиагностики развития музыкальных способностей особых детей и организации коррекционно-развивающей работы. В статье авторы рассмотрели методику использования технологии инклюзивного обучения на уроках музыки и доказали, что благодаря исследовательской работе технология инклюзивного обучения имеет все шансы на широкое применение в своей практике с научной теоретической точки зрения. Кроме того, автор разработал несколько методических рекомендаций, учитывая особую значимость технологии инклюзивного обучения. В частности, они отмечают: а) на уроках, где используются методы инклюзивных технологий обучения школьников, их интерес несколько возрастает; б) обеспечение частого использования учителем методов инклюзивного обучения на уроках; в) научное и учебно-методическое обеспечение образовательной среды; г) подготовка всех ресурсов, необходимых для успешного усвоения новшеств; д) выбор методов и приемов технологии инклюзивного обучения в музыкальном предмете с использованием методов, раскрывающих эффективную тему, при систематической организации темы на основе данной технологии-развитие познавательной активности и мышления; е) передача музыкально-эстетического воспитания учащемуся должна осуществляться в направлении развития познавательной активности и мышления. Чувство прекрасного и сочувствие, стремление к действию направляют на психологическое здоровье; ж) музыкально-эстетическая деятельность учащегося дает возможность нравственно-эстетического развития.

Ключевые слова: способности, инклюзивность, ребенок с особыми потребностями, инклюзивное обучение, музыка, музыкальные звуки, музыкальное образование.

Ways to develop the abilities of children with special needs

**¹A.Tazhi, ¹Sh.M.Maigeldiyeva*

¹Korkyt Ata Kyzylorda University (Kyzylorda, Kazakhstan)

Abstract

Today, the scale and complexity of social changes require changes in the field of Education. The implementation of these requirements can be recognized by the fact that in the process of developing the modern education system, creative searches for new learning models, Content, Technologies, types and methods are distinguished by their intensity and diversity. Such development is important to implement within the framework of the intensive development of technology of informatization of society. Therefore, it is very important to effectively organize in the process of teaching normal children and teaching technology of children with special needs, mainly in these schools. This article describes the features of the development of the abilities of children with special needs, ways of psychodiagnostics of the development of the musical abilities of special children and the organization of correctional and developmental work.

In the article, the author considers the methodology of using inclusive learning technologies in music lessons and through research work proves that inclusive learning technologies have full potential for scientific theoretical knowledge and wide application in their practice. In this regard, the author has developed several methodological recommendations, taking into account the special importance of inclusive learning technology. In particular, they are as follows: A) in classes where the methods of inclusive learning technologies for schoolchildren are used, their interest is significantly increased; B) ensure that the teacher often uses inclusive teaching methods in the classroom; c) scientific and educational and methodological support of the educational environment; d) prepare all the resources necessary for the successful assimilation of innovations; F) select methods and methods of Inclusive Teaching Technology in music so that they reveal an effective topic, and systematically organize the topic in a comprehensive way; G) transfer of musical and aesthetic education to the student should be carried out in the direction of developing cognitive activity and thinking. The feeling of beauty and empathy, the desire to act, are directed to psychological health; h) The Musical and aesthetic activity of the student allows moral and aesthetic development.

Keywords: ability, inclusion, child with special needs, inclusive learning, music, musical sounds, music education.

Поступила в редакцию: 23.04.2023

Одобрена: 24.05.2023

Первая публикация на сайте: 25.07.2023

Гуманитарлық ғылымдар мен өнер
Гуманитарные науки и искусство
Humanities and Arts

MPHTI: 16.21.25

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2024-4.12>

PROFESSIONALLY-ORIENTED TEACHING OF A FOREIGN LANGUAGE TO HIGH SCHOOL STUDENTS USING SMART TECHNOLOGY IN SPECIAL SCHOOLS

*¹K.Zh.TULENOVA^{ID}, ¹B.T.RAHIMBAEVA^{ID}

¹academician E.A.Buketov Karaganda University
(Karaganda, Kazakhstan)

*zhasul0180@gmail.com, bayan.rakhimbaeva@mail.ru

Abstract

This article discusses the issue of teaching foreigners the language of students at a non-linguistic university using smart technologies and the introduction of computer technologies for the formation of professional and communicative competencies. As an example of learning using cloud services, the authors use professional TED Talks lectures to provide a series of tasks aimed at developing listening, writing, reading, and speaking skills. In pedagogical methodology, the interaction of written and oral communication between students is considered a key factor in increasing motivation and improving the teaching and learning process. The experiments conducted on the organization of independent work by students using smart technologies confirm the need for effective integration into the learning process of a foreign language.

Keywords: language didactics, theory of educative learning, empirical research, second foreign language, multilingual society.

Introduction

The reform of modern education imposes new requirements on the teaching staff. A teacher who thinks freely and actively, predicts the results of his activities, and, accordingly, models the educational process, is the guarantee of solving the tasks set. Today, there is an increased demand for a highly qualified, creatively working, socially active, and competitive personality in a teacher who can raise a socialized personality in a rapidly changing world. The results of the socio-economic and spiritual development of society directly depend on the level of professionalism of teachers and their ability to provide continuous education.

The quality of the teaching staff is the most important component of the educational system because the implementation of all other components directly depends on the human resources that a particular educational system is provided with. It is the teachers who are entrusted with the function of implementing educational programs for a new generation based on advanced pedagogical technologies.

